

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы  
**«ЖАҢА ДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ –  
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**  
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының  
**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**I БӨЛІМ**

25 мамыр 2016 ж.

**СБОРНИК ТРУДОВ**

международной научной конференции молодых ученых  
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО  
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**  
под эгидой IX Астанинского экономического форума

**ЧАСТЬ I**

25 мая 2016 г.

**PROCEEDINGS**

of the international scientific conference of young scholars  
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC  
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**  
in the framework of the IX Astana Economic Forum

**PART I**

25 may 2016

Астана, Қазақстан  
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)  
ББК 65.9(5Қаз)-І 551я431  
Ж 28

**Редакционная коллегия:**

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,  
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.  
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.  
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.  
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.  
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.  
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.  
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент  
Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

**Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері:** Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф.еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

**Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации:** Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

**ISBN 978-9965-31-762-0**

**ISBN 978-9965-31-762-0**

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)

ББК 65.9(5Қаз)-551я431

## **ҚР ТУРИЗМ ИНДУСТРИЯСЫНДАҒЫ КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІ ЖЕТІЛДІРУДЕ МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕМЕНШІК ӘРІПТЕСТІКТІҢ РӨЛІ**

*Тукибаева К.Б.*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы  
E-mail: kuralay\_bazarbekkyzy@mail.ru

Қазақстан Республикасының туризм индустриясындағы кәсіпкерлік қызметті жетілдіру бәсекеге қабілетті туристік қызметтер нарығын дамыту арқылы жүзеге асырылады. Оған жетудің бір жолы - экономикалық дағдарыс жағдайында мемлекет пен сектор арасындағы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктерін тиімді қолдана білу. Қазіргідей экономикалық дағдарыс жағдайында МЖӘ байланыстың маңызы зор екендігі дәлелденіп, оның рөлін арттыру қажеттілігін әлемдік тәжірибе нақтылай түсуде. Ол осындай дағдарыстық жағдайда біріншіден, қолайлы қаржыландыру көзін қалыптастырса, екіншіден, өндіріске жаңа заманауи технологиялар қолдануға мүмкіндік береді. Демек, МЖӘ тетіктерін қолдану мемлекетке де, бизнесті дамытуға да бірқатар артықшылық береді, яғни жеке сектор үшін жаңа инвестициялық мүмкіндіктер және тиісінше жаңа кіріс көздері, ірі жобаларға қатысу мүмкіндіктері туады, ал мемлекет үшін бюджет қаражаттарын үнемдеуге септігін тигізеді. Туристік экономикалық аймақтарды дамытуда мемлекет пен жеке бизнестің ынтымақтастығының механизмі бүкіл әлем бойынша кеңінен қолданылады. Әлемнің 88 елінде МЖӘ мемлекеттік міндеттерді орындауда жеке инвестицияларды тартудың маңызды құралы болып табылады. Бүгінгі күні МЖӘ негізінде сәтті жүзеге асырылған елдердің жобаларын қарастырайық [1].

Мексикада туризмді басқару мен жаңа туристік бағыттарды ашу 30 жылдан астам Fonatur ұлттық қоры арқылы жүзеге асырылып келеді. Канкун курортын салу барысында алғашқы 8 жылда тек инфрақұрылым құрылысы жүргізілген, тек содан кейін коммерциялық нысандар пайда бола бастады. Оған қоса, Fonatur мемлекет қаражатының есебінен 9 қонақ үй салған болатын, олар 5 жыл бойы мемлекет меншігінде болды, кейінірек бұл қонақ үйлерді жеке инвесторлар сатып алды. Алғашында кішігірім балықшылар ауылы болып саналған курортта қазіргі кезде жарты миллион халық тұрады.

Түркияның Анталья курортында 20-дан астам қонақ үйлер келесідей үлгі бойынша пайдалануға берілді: мемлекет қаражаты есебінен Антальядан Белек, Аланья курорттық зоналарына дейін автомагистраль және туристік нысандарға дейін асфальт төселген кіреберіс жолдарын салып, телебайланыс, қуат және сумен жабдықтау, су тарту, қоқыс өңдеу жүйесін құрды. Одан кейінгі кезекте бұл елді-мекенді жаңа туристік аймақтың қызмет көрсету орталығына айналдыру мақсатында қонақ үй қызметкерлері үшін тұрғын үйлер, оқу орталықтары, медициналық клиника, порт салынды. Мемлекет әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту бойынша жоспарларды орындағаннан кейін жобаға жеке инвесторлар қосылды, олардың 80 %-ын түрік компаниялары құрады [2].

Туристік салада мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде жобалардың келесі түрлері жүзеге асырылады: кешенді (туристік-рекреациялық сипаттағы ерекше экономикалық аймақтарды құру); мақсатты (бөлек бағыттар бойынша немесе туристік саланы дамыту міндеттері бойынша); қамтамасыз етуші (туризмге жанама түрде ықпал етеді, мысалы, көліктік инфрақұрылымды дамыту бойынша).

Қазақстанда МЖӘ тетіктерін қолдану концессиялар шарттары бойынша жүзеге асырылады. Ол мемлекеттік меншік объектілерін жақсарту және тиімді пайдалану мақсатында уақытша иеленуге және пайдалануға беру, сондай-ақ концессионердің қаражаты есебінен міндетті түрде қаржыландыра отырып және мемлекетке бере отырып, концессионерге иелену, пайдалану және билік ету құқығын беріп, не онсыз, жаңа объектілерді концессионер қаражаты есебінен құру (салу) құқықтарын берумен сипатталады [3].

Әлемдік тәжірибеде мемлекет пен жекеменшік әріптестік шеңберінде объектіні беру құқығының моделі алуан түрлі. Оларды туристік-рекреациялық сипаттағы ерекше экономикалық аймақтарды құру немесе көліктік инфрақұрылымды дамыту бойынша қолдануға болады. Себебі, МЖӘ туризм индустриясындағы кәсіпкерлік қызметтің тұрақты экономикалық өсуін қамтамасыз ететін негізгі құрал болып табылады.

МЖӘ-ні пайдалану мынадай басымдықтарды ұсынады [4] (сурет 1).

Осы жүйе дұрыс қызмет атқарған жағдайда туристік кәсіпкерлік қызметті дамытуға келесідей мүмкіндіктер туады:

- шығу туристік ағымдарын дағдарыс жағдайында ішкі туристік ағымға қайта бағдарлау;
- жаңа экономикалық туристік-рекреациялық аймақтар мен кешендерді құру;
- әлемдік стандарттар деңгейіне сай етіп рекреациялық инфрақұрылымды жаңарту;
- туристік саланың жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін шағын және орта бизнес жүйесін құру.




Сурет 1 - ҚР туризм индустриясындағы кәсіпкерлік қызметті жетілдіруде мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің рөлі

*Ескерту. Әдебиеттер негізінде [3,4] автор құрастырған*

Мемлекет туризмді дамытуға жағдай құруға жауап береді: мәдени мұра мен қоршаған ортаны сақтап қалу, заңнама әзірлеу және оны үздіксіз жетілдіріп тұру, туристік

инфрақұрылымды құру (жолдар, қоғамдық көліктер, туристік автобустарға арналған тұрақтар, ақпараттық орталық, жол сілтегіштер жүйесі және т.б.) және елді халықаралық нарықта жайлы және қауіпсіз бағыт ретінде алға жылжыту болып табылады. Егер мемлекет өз қызметін толық және сапалы атқарса, ол туристік бизнесті дамытуға алғышарттар жасайды: қонақ үйлер мен мейрамханалар, ойын-сауық индустриясы нысандарының құрылысы, түрөнімді құру мен оны алға жылжыту, туристік салада жұмыспен қамтылғандар санының артуы. Оның әсерінен, туристік бизнес пайда табады, ал мемлекетке келетін пайда: салық түсімдері, ЖІӨ өсуі, қосымша жұмыс орындары, экспорт көлемін ұлғайту мен әртараптандыру. Мемлекеттік сектор жаңа капиал көзіне, инфрақұрылымның жедел дамуына, тәуекелді бөлу мүмкіндігіне, қызмет көрсету сапасының жақсаруына, қызмет көрсетуді ұсыну, жоспарлау, басқару дағдыларына және т.б. қол жеткізеді. Жеке сектор өз бетімен игере алмайтын жаңа нарықтарға, кәсіби деңгейін арттыру мүмкіндігіне, несиелеу шарттарының жақсаруына, жоғары табыс табу мүмкіндігіне қол жеткізеді МЖӨ негізінде туристік сала көптеген мәселелерді тиімді шеше алады.

Туризм саласында мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің келесі моделін қолданған жағдайда, туризм индустриясындағы кәсіпорындар қызметін жетілдіруге қол жеткізуге болады (сурет 2):



Сурет 2 - МЖӨ негізінде туризм индустриясындағы кәсіпкерлік қызметті жетілдіру моделі

Бұл модельді туристік бизнесті тұрақты дамыту мен оның тиімділігін арттыруда қолдануға болады. Одан нәтиже шығарудың негізгі жолдары келесідей:

- елдің туристік аймақтарында туристік қызметтер нарығының инфрақұрылымын жоғары деңгейде дамыту;
- туристерге ұсынылатын қонақ үй, тамақтандыру, көлік және өзге де қызметтер құнының орташа еуропалық деңгейінен асып түспеуі үшін шаралар қабылдау;
- туристік қызметтер нарығының аймақтық инфрақұрылымына, туристік кәсіпкерлік қызметтің дамуына инвестиция тартуда кездесетін әкімшілік кедергілерді болдырмау, жерді жалдау жағдайларын тиімді ету;
- сыртқы және ішкі нарықта елдің туристік мүмкіндіктерін жарнамалау;

- туристік индустрияның барлық салаларында көрсетілетін қызмет сапасына әсер ететін білікті мамандарды даярлау;
- туристердің жеке қауіпсіздігін жоғары деңгейде қамтамасыз ету;
- туристік индустрияның барлық салаларында қызмет көрсету сапасын жоғарылату;
- автокөліктік туризмді дамыту үшін жолдар сапасын жоғарылату;
- шет елдік нарықта Қазақстанның туристік бизнес үшін жағымды имиджін қалыптастыру;
- ел ішіндегі әуе, теміржол тасымалдау торларын дамыту және олардың қызмет бағаларын төмендету.
- мәдени-тарихи ескерткіштерді ұтымды қолдану;
- материалдық-техникалық базаны жақсарту;
- туристік бизнес саласындағы нормативтік құқықтық реттеуді жетілдіру,
- негізгі туристік орталықтарды байланыстыратын аймақтық туристік көлік инфрақұрылымын құру;
- туристік бизнесті дамытуды басқаруды жетілдіру;
- ішкі туризмді тиімді дамыту;

Қорытындылай келе, МЖӘ қазіргі кезде Қазақстанның экономикасын жаңа белеске көтеруге, оны әртараптандыруға және кәсіпкерлерді ірі инвестициялық жобаларға тарта отырып, мемлекетпен бірлесе бизнесті жаңа өрістерге шығаруға септігін тигізетін үлкен жобалардың бірі. Оның көмегімен туристік кәсіпкерлік қызметті дамытуды тежейтін бірқатар мәселелерді шешуге мүмкіндік пайда болады.

#### **Әдебиеттер:**

- 1 Сфера туризма – возможности для инвестора [Электронды ресурс].- Кіру тәртібі: <https://kapital.kz/economic/45983/sfera-turizma-vozmozhnosti-dlya-investora.html>
- 2 Государственно-частное партнерство в развитии туризма [Электронды ресурс].- Кіру тәртібі: <http://www.nedoma.ru/articles/200875.html>
- 3 ҚР «Концессиялар туралы» заңы [Электронды ресурс]. - Кіру тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z060000167>
- 4 ҚР «Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік туралы» заңы [Электронды ресурс]. - Кіру тәртібі: [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=37704720](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37704720)

### **ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ РЫНКА ТУРИСТСКИХ УСЛУГ НА КАЗАХСТАНСКОМ УЧАСТКЕ ВЕЛИКОГО ШЕЛКОВОГО ПУТИ**

*Туртбаева А.Т.*

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева  
г. Астана, Республика Казахстан  
e-mail: [assiya1992@mail.ru](mailto:assiya1992@mail.ru)

На сегодняшний день мировая индустрия туризма характеризуется постоянно увеличивающимися объемами путешествий и экскурсий, повышающейся конкуренцией среди регионов и стран пребывания. Значимость расширения и развития туризма усиливается теми преимуществами, которые отрасль имеет перед другими экспортными отраслями и обладанием различных особенностей, выполняя одновременно экономические, социальные, политические, гуманитарные и другие функции.

По прогнозам Всемирной Туристской Организации (ЮНВТО), дальнейший рост туризма должен произойти за счет обновления и расширения списка посещаемых территорий, поскольку традиционные районы мирового туристского рынка практически достигли предела рекреационной емкости [1]. В связи с этим, у Республики Казахстан